

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесінің (бұдан әрі -

Е р е ж е) :

2 - т а р м а ғ ы н а :

2) тармақша мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"2) корреспонденттік қатынастар - банктер арасындағы, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдар арасындағы корреспонденттік есепшот шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген банк қызметін көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар жасау мақсатында олардың арасында корреспонденттік шоттарды ашу кезінде пайда болатын шарттық қ а т ы н а с т а р " ;

мынадай редакциядағы 3)-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) контрагент - жасалған корреспонденттік есепшот шартына сәйкес әріптес болып табылатын банк және/немесе банктік емес ұйым;

4) Респондент - басқа банкте және/немесе банктік емес ұйымда шот ашқан банк және/немесе банктік емес ұйым (ностро-шот);

5) Корреспондент - басқа банк және/немесе банктік емес ұйым үшін өзінде шот ашқан банк және/немесе банктік емес ұйым (лоро-шот)";

2-тарау мынадай редакциядағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Респондент корреспонденттік шотты ашқаннан кейін бес жұмыс күні өткеннен кейін Ұлттық Банкке 1-қосымшаға сәйкес хабарлама ұсынады";

3-тараудың 13-тармағының бірінші абзацы "сәйкес" деген сөздің алдынан " корреспонденттік шот шартына, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Банктердің және/немесе банктік емес ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер лимитін есептеу тәртібі

21. Банк және/немесе банктік емес ұйым өздерінің және олардың клиенттерінің бастамасымен ағымдағы айда жасалған төлемдерді Ұлттық Банк белгілеген лимиттен аспайтын көлемде корреспонденттік шот арқылы жүзеге а с ы р а д ы .

Банк және/немесе банктік емес ұйым үшін белгіленген лимит "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық, жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) төлем жүйесі арқылы өткен айда жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын жіберілген төлемнің жалпы көлемінің проценттік қатынасына есептеледі. Орталық арқылы жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын жіберілген төлемнің жалпы көлеміне Орталықтың банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жүзеге асырылған қолма-қол жасалмайтын жіберілген төлемдерінің көлемі және Орталықтың клиринг палатасының клиринг

нәтижелері бойынша дебеттік таза позиция сомасын шегеріп тастағандағы Орталықтың клиринг палатасы арқылы жүзеге асырылған төлемдер кіреді.

22. Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шоттан Респонденттің және оның клиенттерінің пайдасына Респонденттің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотына ағымдағы айда Орталықтың төлем жүйесі арқылы келіп түскен ақша сомасы лимит шығысына кірмейді. Осы корреспонденттік шот Респонденттің клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана ашылған және осы корреспонденттік шоттағы ақша қалдығы операциялық күн аяғында Орталықтың төлем жүйесі арқылы жойылған жағдайда ғана Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына қолма-қол ақша жинау бойынша операцияларға лимит қолданылмайды. Бір банктегі немесе банктік емес ұйымдағы лоро және ностро корреспонденттік шоттары бойынша өзара талаптарды есептеу бойынша операциялар жүргізген кезде жасалған төлемдер сомасы лимит шығысына кірмейді.

23. Банк және/немесе банктік емес ұйым осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес өздері корреспонденттік шоттар арқылы алған және жіберген төлемдердің саны және көлемі туралы мәліметтерді есептіден кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады, осының негізінде лимит шығысы есептеледі. Банк және/немесе банктік емес ұйым өз клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана корреспонденттік шот ашқан кезде 2-қосымшаға қоса осы корреспонденттік шот арқылы жүзеге асырылған төлемдердің саны және көлемі туралы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес күн сайынғы ақша қозғалысын және операциялық күн соңындағы қалдықты көрсететін мәліметтерді есептіден кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады.

24. Ұлттық Банк белгілеген төлемдер көлемінің лимитінен асып кеткен банк және/немесе банктік емес ұйым Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді." ;

1-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесіне 1-қосымша

Корреспонденттік шот ашу туралы хабарлама

Банктің және/немесе банктік емес ұйымның (Респонденттің) атауы

Банк контрагентінің және/немесе банктік емес ұйымның (Корреспонденттің)
а т а у ы

Есеп айырысу тәртібі

1. Т ө л е м д е р ж а с а у :

— Н о с Т р о - ш о т қ а

— Л о р о - ш о т қ а

ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

2. Ш о т :

— клиент төлемдерін жасау

— банктік төлемдер жасау

— карточкалар бойынша есеп айырысу

— Респонденттің клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін

— басқа төлемдер үшін (нұсқасы көрсетілсін) _____

ашылды.

3. Операциялық күн соңындағы қалдық:

— н ө л г е т е н

— қалдықтың төмендетілмейтін деңгейі шартта көзделген

— қалдықтың шарттың талаптарына қатысты емес, өзгермелі деңгейі

Корреспонденттік шот ашылған күн 20__ жылғы " __ " _____

Басшы _____

(а т ы - ж ө н і)

қ о л ы

Бас бухгалтер _____

(а т ы - ж ө н і)

қ о л ы

Ереже мынадай редакциядағы 2-қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының екінші

деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының екінші

деңгейдегі банктері мен банк

операцияларының жекелеген түрлерін

жүзеге асыратын ұйымдарының арасында
корреспонденттік қатынастар орнату
ережесіне 2-қосымша

Банктің немесе банктік емес ұйымның банктік бірегейлендіру коды (бұдан әрі -
ББК) _____

Банктің немесе банктік емес ұйымның атауы _____

_____ жылдың _____ айындағы
**корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылатын
төлемдердің саны және көлемі туралы мәлімет**

Банктің	Контр.	Шотты белгілеу	Төлемдердің көлемі	Төлемдердің саны
немесе	агент.	(ностро/Лоро)	(теңгемен)	(бірліктермен)
банктік	тің	_____		
емес	ББК	Төлем	Төлем	Алынған.
ұйымның		алынған	жіберіл.	Алынған.
ББК		шот	ген шот	гендері
1	2	3	4	5
				6
				7
				8

Басшы _____ (аты-жөні)

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

Орындаушы _____ (аты-жөні) телефоны _____

**Корреспонденттік шоттар арқылы жүзуге асырылған төлемдердің саны
және көлемі туралы мәліметтерді толтыру жөніндегі ереже**

Корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылған төлемдердің саны және
көлемі туралы мәліметтер мынадай ақпарат кіретін 8 бағаннан тұрады:

1-баған - Банктің немесе банктік емес ұйымның ББК. Мәліметтер берген
банктің немесе банктік емес ұйымның банктік бірегейлендіру коды;

2-баған - Контрагенттің ББК-ы. Мәліметтер берген банктің немесе банктік
емес ұйымның контрагентінің банктік бірегейлендіру коды;

3-баған - төлем алынған шот. Есеп берген банк немесе банктік емес ұйым
төлемдер алған корреспонденттік шоттың белгісі қойылады. "Ностро" немесе "
л о р о " _____ б е л г і л е р і _____ қ о й ы л а д ы ;

4-баған - төлем жіберілген шот. Есеп берген банк немесе банктік емес ұйым

төлемдерді жіберген корреспонденттік шоттың белгісі қойылады. "Ностро" немесе "лоро" белгілері қойылады;

5-баған - алынғандар. Контрагенттерден (және/немесе олардың клиенттеріне) банк немесе банктік емес ұйым алған төлемдердің сомасы қойылады. Сондай-ақ Корреспондент осы бағанда Респонденттің үшінші тұлғалардан Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына ақша енгізу жөніндегі нұсқауы бойынша жасалған төлемдердің сомасын қояды. Респондент Корреспондентте Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана корреспонденттік шот ашқан және операциялық күннің соңында Орталықтың төлем жүйесі арқылы осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылған жағдайда Корреспондент қолма-қол ақша жинау бойынша соманы қоймайды. Операциялық күннің соңында осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылмаған жағдайда Корреспондент қолма-қол ақша жинау бойынша соманы қояды. Респонденттің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотынан Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына Орталықтың төлем жүйесі арқылы аударылған ақша сомасын Респондент те, Корреспондент те қоймайды. Бір банкте немесе банктік емес ұйымда лоро немесе ностро корреспонденттік шоттары бойынша өзара талаптарды есепке алу жөніндегі операциялар жүргізілген кезде банк және/немесе банктік емес ұйым төлемдердің сомасын қоймайды;

6-баған - жіберілгендер. Контрагенттердің (және/немесе олардың клиенттерінің) пайдасына банк немесе банктік емес ұйым жіберген төлемдердің сомасы қойылады. Сондай-ақ Респондент осы бағанда Респонденттің үшінші тұлғалардан Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына ақша енгізу жөніндегі нұсқауы бойынша жасалған төлемдердің сомасын қояды. Респондент Корреспондентте Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана корреспонденттік шот ашқан және операциялық күннің соңында Орталықтың төлем жүйесі арқылы осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылған жағдайда Респондент қолма-қол ақша жинау бойынша соманы қоймайды. Операциялық күннің соңында осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылмаған жағдайда Респондент қолма-қол ақша жинау бойынша соманы қояды. Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотынан Респонденттің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотына Орталықтың төлем жүйесі арқылы аударылған ақша сомасын Респондент те, Корреспондент те қоймайды. Бір банкте немесе банктік емес ұйымда лоро немесе ностро корреспонденттік шоттары бойынша өзара талаптарды есепке алу жөніндегі операциялар жүргізілген кезде банк және/немесе банктік емес ұйым төлемдердің сомасын қоймайды;

7-баған - алынғандар. Контрагенттерден (және/немесе олардың клиенттеріне)

банк немесе банктік емес ұйым алған төлемдердің саны қойылады. Сондай-ақ Корреспондент осы бағанда Респонденттің үшінші тұлғалардан Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына ақша енгізу жөніндегі нұсқауы бойынша жасалған төлемдердің санын қояды. Корреспондентте Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана корреспонденттік шот ашқан және операциялық күннің соңында Орталықтың төлем жүйесі арқылы осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылған жағдайда Корреспондент қолма-қол ақша жинау бойынша төлемдердің санын қоймайды. Операциялық күннің соңында осы корреспонденттік шотта ақша қалдығы жойылмаған жағдайда Корреспондент қолма-қол ақша жинау бойынша төлемдердің санын қояды. Респонденттің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотынан Респонденттің Корреспондентте ашылған корреспонденттік шотына Орталықтың төлем жүйесі арқылы ақша аударуға арналған төлемдердің санын Респондент те, Корреспондент те қоймайды. Бір банкте немесе банктік емес ұйымда лоро немесе ностро корреспонденттік шоттары бойынша өзара талаптарды есепке алу жөніндегі операциялар жүргізілген кезде банк және/немесе банктік емес ұйым төлемдердің санын қ о й м а й д ы ;

8-баған - жіберілгендер. Контрагенттердің (және/немесе олардың клиенттерінің) пайдасына банк немесе банктік емес ұйым жіберген төлемдердің саны қойылады. Сондай-ақ Респондент осы бағанға Корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотына үшінші тұлғаның атынан ақша есептеу жөніндегі Респонденттің нұсқауы бойынша жүргізілген төлемдердің санын қояды. Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақшаларды жинау үшін және Орталықтың төлем жүйесі арқылы операциялық күннің соңында осы корреспонденттік шоттағы ақша қалдығын жою үшін ғана Респондент Корреспондентте корреспонденттік шот ашқан жағдайда, Респондент қолма-қол ақша жинау жөніндегі төлемдер санын қоймайды. Егер операциялық күннің соңында осы корреспонденттік шоттағы ақша қалдығы жойылмаса, онда Респондент қолма-қол ақша жинау жөніндегі төлемдер санын қояды. Орталықтың төлем жүйесі арқылы Ұлттық Банкте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотына, корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотынан ақша аударуға жіберілген төлемдер санын Респондент те, Корреспондент те қоймайды. Бір банктегі немесе банктік емес ұйымдағы лоро және ностро корреспонденттік шоттары бойынша өзара талаптарды есептеу бойынша операцияларды жүргізу кезінде төлемдердің санын банк және/немесе банктік емес ұйым қоймайды.";

Ереже мынадай редакциядағы 3-қосымшамен толықтырылсын:

жинау үшін Корреспондентте корреспонденттік шот ашқан Респонденттің және ақпарат берушілердің бірегейлендіру коды қойылады;

2-баған - Корреспонденттің ББК-ы. Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін шот ашқан Корреспонденттің бірегейлендіру коды қ о й ы л а д ы ;

3-баған - күні. Есепті кезеңнің екі таңбаны білдіретін күні қойылады;

4-баған - алынғандар. Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана Корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотынан алынған ақша сомасы қойылады;

5-баған - жіберілгендер. Ұлттық Банкте ашылған Респонденттің шотына Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана Корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотынан Орталық арқылы жіберілген ақша сомасы қойылады;

6-баған - алынғандар. Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана Корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотына алынған төлемдердің саны қойылады;

7-баған - жіберілгендер. Ұлттық Банкте ашылған Респонденттің шотына Респондент клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін ғана Корреспондентте ашылған Респонденттің корреспонденттік шотынан Орталық арқылы жіберілген төлемдер саны қойылады;

8-баған - операциялық күн соңындағы ақша қалдығының сомасы. Операциялық күн соңындағы корреспонденттік шоттағы ақша қалдығының сомасы қойылады (операциялық күн соңындағы ақша қалдығын жойған кезде "0" мәні қойылады)".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жангелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК